



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Элита мәселесі қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. XVI ғасырларда пайда болған *элита* ұғымы мен қазіргі таңдағы *элита* екі бөлек дүние. Себебі, алғаш пайда болған ұғым таңдаулылықтың белгісі болса, қазіргі таңда ол өз статусын жоғалтып алған секілді.

Элита теориясы – қоғамға белгілі азаматтардың игі істері мен жұмыс нәтижелерінің көрсеткіші. Ал осы теорияға сүйенетін болсақ, элита сөзінің астарында көптеген жауапкершілік жатыр. Мысалы, ғылым мен мәдениетті дамытатын, қоғамды басқаратын, әлеуметтік дамудың қозғаушы күші бола алатын, ол – элита екенін байқаймыз.

Сол кездердегі элита қауымы ауқымды мәселелерді шешіп, өз атақ даңқына лайық болған болса, қазіргі таңда, өкінішке орай, элита білгілі бір лауыздымдағы адамдардың қаруы іспетті. Бұл дегеніміз, билік басындағылардың өз атағын асыра пайдаланушылық деуге болады.

Элита – адамның таңдаулылық қасиеті мен үздік болуды талап етсе, қазір қалта қалыңдығымен сараланатын болған. Ал бұл әлеуметтік даму, өндірістік даму және өркендеушіліктің ақсауын туындатуы мүмкін.

К.Поппердің пікірі бойынша: «Демократияның түйінді мәселесі элитаға бақылау орнату ісі болып саналады. Басқарушыларды бақылауға алу және олардың билігін тексеріп отыру негізінен институционалдық проблема - нашар басқарушылар тым көп залал келтірмеуіне бақылау орнату институттарын жобалаудың проблемасы болып табылады», - деп жазды.

Қазірден бастап элита сөзінің астарына көз жіберіп, мағынасын жете түсініп, көңіл бөлінетін болса, онда әлі де бұл лауазымның статусын көтеруге болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Колбановский В. В., Осипов Г. В. Исторический материализм и соци- альная философия современной буржуазии. М., 1960; Каленский В. Г. Поли- тическая наука в США. М., 1969; Ашин Г. К. Миф об элите и «массовом об- ществе». М., 1966
http://marxist.clan.su/_ld/0/23_sovremenye_teor.pdf
2. Арынов Е.М., Тулегулов А.К., Шоманов А.Ж. «Элита Казакстана о будущем страны» <http://ecsocman.hse.ru/data/601/722/1217/002.TULEGULOV.pdf>
3. Гайдар Е. «Государство и эволюция» : «Две цивилизации» II тарау
http://www.iep.ru/files/persona/gaidar/Gosudarstvo/g_e.pdf
4. Уикипедия ашық энциклопедиясы
5. Ашин Г.К., Понеделков А.В «Основы элитологии» 1999ж Приор. Москва
http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Polit/Aschin/01.php

УДК 37.0 (35.3)

АЛАШ БАҒДАРЛАМАСЫ АЛҒАШҚЫ КОНСТИТУЦИЯ РЕТІНДЕ

Тұрсынғали Мархабат Тұрсынғалиқызы

moska.tm@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.О. Алтынбасов

Тәуелсіздік – мыңдаған жылда бір келетін бақ. Еуропаша айтқанда, феномен. Тәуелсіздік – жаңаша көзқарас пен айрықша серпілістің бастауы, арғы замандардан жеткен «Мәңгі ел!» мұратының жалғасы. Ал Қазақстан азаттығының бірегей белгісі – тарих. Бостандық үшін күрескен бодан күн мен азаттықтың баяндылығы үшін тер төккен бүгінгі күннің тарихы. Сол тарихтың алаулы, жарқын кезеңі – Алаш тарихы. Бұлай деу – ақылға да сыйымды, шындыққа да сәйкес.

Азат Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық, өркениетті қоғам құруға жұмылған және соны кезең-кезеңмен орындап келе жатқан мемлекет. Еліміз дербестіктің 20 жылдық тарихында жүріп өткен сан ғасырлық жолдың тағылым-сабақтарын біршама парықтады. Өткеніміз түгенделді, бүгініміз байыпталды, ертеңіміз айқындалды. Үздіксіз, үзіліссіз алға жылжыған тарих көшінде ұлтты – ұлт, елді ел еткен құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар бағамдалды.

Еліміздің өткені мен болашағының айнасы – Ата заңы. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қазіргі қолданыстағы Қазақстанның Конституциясы қабылданды. Міне 20-шы жыл Конституция Қазақстан халқы мен мемлекетінің құқықтық өмірінің мазмұнын айқындайтын мемлекетіміздің Негізгі Заңы болып келуде.

Қазіргі әлемдегі Конституцияның түсінігі – бұл құқықтық мемлекеттің Негізгі Заңы болып табылады.

Құқықтық мемлекеттің басты қағидаты бұл заңның мемлекет өмірінің барлық аумағын қарауында, әлеуметтік шығуына, жынысына, ұлтына, дінге сенушілігіне қарамастан заң алдында бәрінің теңдігі. Алғаш рет бұл қағидат толық түрде 1787 жылы АҚШ Конституциясына енгізілді. Бірақ Еуропа елдерінің толық түрде конституционализм заңдылығына қол жеткізуі үшін бір ғасырға таяу уақыт қажет болды.

Еліміздің қазіргі таңдағы Конституциясына дейінгі жол да оңайға түспеді. Біздің орта ғасырлық көшпенді ата-бабаларымызда Конституция болған жоқ, бірақ бізге қазақтардың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және «Тәуке ханның жеті жарғысы» дейтін заңдар жинақтары белгілі.

Алғаш рет Қазақстандағы конституциялық құрылыс жайындағы сұрақты XX ғасырдың басында Алаш партиясының қайраткерлері көтерді [1].

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларын толғандырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін елін отарлық езгіден азат қылып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекеттігін құру еді. Қазақ зиялылары ұлт мүддесін жоғары қойып, қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шықты.

Алаш қозғалысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық қоғамдық саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді. Алаш партиясы деген атпен танылған ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының саяси ұйымы халық идеясының қозғаушы күші міндетін заман талабына сай адал атқарды [2].

Алашорда үкімет мүшелері сайланып, Алашорданың төрағасын сайлау өткізілді. Яғни, бұл дегеніміз – қазақ мемлекетінің тарихындағы тұңғыш республикалық негіздегі демократиялық принциптерге сай жүргізілген баламалы әділ сайлау болатын. Әлихан Бөкейхан қазақтың тұңғыш республикасы – Алаш Республикасының президенті болып сайланды [1]. Бұл туралы президент Назарбаев «Қазақстандағы алғашқы баламалы сайлау нәтижесінде, мұны атап өту керек, тәуелсіз Қазақстан Үкіметінің – Жалпықазақ Ұлттық Кеңесінің Төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды» [4] деп жазып, Әлихан Бөкейханның тұңғыш президент екенін мойындаған болатын.

Жалпы, сол кезеңдегі тарихи-қоғамдық жағдай азаматтық-құқықты қарым-қатынасты уақыт талабына сай реттеуді қажет етті. Ел экономикасын, оның ішкі-сыртқы жауларының іс-әрекеттеріне қарай әскери жолмен ұйымдастыруды талап етті. Сондықтан да қоғамдық қарым-қатынас пен мемлекеттік азаматтық құқықты реттеу тәсілі әкімшілік-құқықтық әдіспен біршама алмастырылды. Аталған кезеңде Қазақстанда капиталистік меншікті ұлттандыру одан әрі барынша сәтті жүргізілді [5].

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы қарашаның 21-інде 251 санында Алаш партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды.

Бірінші жалпы қазақ съезінің шешімдеріне сәйкес Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Елдес Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов дайындаған партия бағдарламасының жобасы он баптан тұрады. Олардың ең маңыздылары мыналар:

I. Мемлекеттік қалпы. Ресей демократическая, федеративная республика болу. Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеуі. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттер. Федеративный республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болды. Әр мемлекет өз тізгінін өзі алып жүреді.

Осы бапты қазіргі саяси терминдермен түсіндірсек, Алаш партиясы мемлекеттік құрылыс мәселесіне Россияның терезесі тең (құрдас) мемлекеттердің федеративтік одағы болуын, оған мүше болған әрбір субъект (құрдас мемлекеттер) өзінің егемендік құқығы бар (іргесі бөлек) болуымен бірге жалпы федеративтік одақ мүдделерін қорғауда «ынтымағы бір» болуын талап етті.

II. Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген облыстардың бәрі байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия федерациясының бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлес болу, реті келсе бірден-ақ өз алдына жеке болу. Алаш партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап жұрт тартқан айту жағына бастайды.

Алаш партиясы бағдарламасының осы бабында екі түбірлі мақсат айқындалған: бірінші – Россия Федеративтік мемлекетінің құрамдас бөлігі болуға тиіс қазақ автономиясы бүкіл қазақ халқы мекендеген жерге иелік етеді және тең құқықты федерация мүшесі ретінде оған нұқсан келген жағдайда Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып бөлініп шығады. Екінші - өзінің нақтылы саяси қызметінде Алаш партиясы жалпы адамзаттық игіліктерді басшылыққа алып, әділдікке жақ, зорлыққа қарсы болады.

III. Негізгі құқық. Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиналыс жасауға, қауым ашуға жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік: хұқмет қызметкерлері, иесінен рұқсатсыз һәм кім табалдырығын аттаушылық, сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық, қылмысты болған адам судья бар жерде 24-сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып жабу. Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу.

Тарихи тұрғыдан алғанда өз уақытынан идеялық жағынан озып кеткен "Алаш" партиясы қайраткерлерінің айтқаны дұрыс болып шықты [6]. 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында былай делінген: «1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өз жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды». Сол сияқты Конституциямыздың 16-бабында «1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. 2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады. 3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.» делінсе, 20-баптың 1-тармағында сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілетіндігі жайлы баяндалған [7].

Үшінші бөлімнің "негізгі құқықтар" деп аталуы тегін емес. Оған талдау жасаудың көрсетіп отырғандай, онда адамның қазір демократиялық елдердің конституцияларында баянды етілген құқықтары мен бостандықтарының негізгі идеялары келтірілген. "Алаш" партиясы бағдарламасы жобасының осы бөлімінің теңдесі жоқ маңызы да мәні осында [8].

IV. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болады. Дін біткенге тең құқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болады. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада болу, жесір дауы сотта қаралады.

Осы ретте де зайырлық принципінің орын алғанын байқауға болады. Конституциямыздың 19-бабының 1-тармағындағы «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.» [7] норманы атап өтсек болады. Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет ретінде

орнықтыратынын, елімізде мемлекеттік діннің жоқ екенін ұмытпағанымыз жөн, ал осы нормалардың барлығы Алаш бағдарламасынан бастау алады десек қателеспейміз.

V. Билік және сот. Әр жұртқа билік пен сот тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би және судья жергілікті жұрттың тілін білу керек. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі мен үкімі жергілікті жұрттың тілін білу керек. Аралас жерде соттың тергеуі – тексеруі мен үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы. Би мен судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік және сот жүзінде жұрт біткен тең болады; құдайдан соңғы күшті би мен судья болып, кімде болса, олардың үкіметіне мойын ұсынады. Айтылған үкім тез орнына келуі керек. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралады. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болады. Присяжный қазақтан алады. Қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт қалаған ереже жолымен атқарылады.

Бесінші бөлім "Билік һәм сот" деп аталады. "Алаштың" негізін салушылар билердің терең халықтық тамырларын, билер сотының жалпы игі ықпалы мен маңызын біліп, оларды жаңа жағдайларда пайдаланғысы келді. Кеңес өкіметі бастапқыда билер соттарын таныды, ол халық соттары деп аталды.

Қазіргі Қазақстанда билер соты идеясы қайтадан өз жақтастарын тауып отыр. Кейбір жерлерде ол қазірдің өзінде, әрине, жаңа тарихи жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылуда.

Бөлімде сот жүйесінің негізгі қағидалары берілген:

1. Сот ісін жүргізу жергілікті халық тілінде жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан билер мен судьялар бұл тілді білуге тиіс. Халқы аралас тұратын сот таргеуі мен сот шешімі сол жерде көпшілік болып табылатын тілде жүргізілуге тиіс.

2. Судьялар мен билерге ешкімнің тиісуіне болмайды.

Сот әділдігі мен сот алдындағы барлық адамдар тең.

Билер мен судьялар құдайдан кейінгі ең құдіретті адамдар болғандықтан, жұрттың бәрі олардың шешімін орындауға тиіс. Алашордашылар қабылдаған осынау ежелгі қағиданың мағынасы қандай терең десенізші.

Алашорданың негізін қалаушылар мынадай демократиялық идея ұсынады:

күрделі емес істерді билер, судьялар жеке-дара қарауға тиіс, ал күрделі істерді, дұрысырақ айтқанда, қатаң жаза қолдану қаупі төнетін қылмысты присяжныйлар соты қарауға тиіс. Нақ осы идея Қазақстанда қазір, 80 жылдан астам уақыт өткен соң іске асырылып отыр [9].

VI. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы тиіс. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету керек. Әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндеттерін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII. Салық мәселесі. Салық мал-ауқат, табысқа қарай, байға-байша, кедейге-кедейше әділ жолмен таратылуы керек.

VIII. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болуы керек. Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. Алаш партиясы жұмысшылар тұрасында социал демократтардың меньшевик табының бағдарламасын жақтайды.

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық және ақылсыз болады. Жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлау мен қойылуы, ел ішінде кітапханалар ашылуы керек.

Жобадағы мемлекеттік тілде білім алу, қазақ жерінде университет ашу идеялары «Алаш» зиялыларының көрегендігі деп айтуға болады. Бұл идеяның астарында болашақта қазақ елі көзі ашық, интеллектуалдық тұрғыдан дамыған ел болсын деген мақсат-арман жатыр. Қазақтың зиялылары сол заманда ел болу үшін адами капиталды қалыптастыру маңызды екендігін түсінген. Сондай-ақ, білім беру автономды болып, үкімет тарапынан оқу

барысына араласпау қажеттігі туралы идеялар бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталғандай [10].

Х. Жер мәселесі. Төтенше жиналыс негізгі заң жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі, бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі, сыбаға өлшеу – норма жерлердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалуы; сыбағадан артылған жер земство қолында болуы тиіс; Артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі. Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілуі жерді қазақ үйі басына иленбей ауыл-аймақ туысқан табына меншіктеп алу, өзара әділдік жолымен пайдалануы керек. Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалануы керек. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынаныкі болып, билігі земство қолында болу. Аса зор ағаш, өзендер мемлекеттік болып, аз ағаш және көл байлықтары земство мүлкіне саналуы керек.

Міне, осы Алаш партиясының тарихи бағдарламасының мәтіні осылай еді. Көлемі жағынан шағын, мазмұны жағынан терең осы бағдарлама жобасы 1917 жылғы қараша айының ортасында өткен Құрылтай съезінде өткен сайлауда Алаш партиясының үлкен табысқа жетуін қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл бағдарлама жайында «Алаш партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл ұлттық емес, патроттық ұйым, алдына қойған мақсаты, қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, оны осы заманғы шындыққа бейімдеу еді», - деп өзінің әділ бағасын берді [2].

Алаш тарихын зерттеушілер алғашқы Ата заң туралы әңгіме болғанда екі мәселені алға тартады. Оның бірі Әлихан Бөкейханның тапсыруымен заңгер Барлыбек Сырттановтың жазып шыққан «Қазақ елінің уставы» деген құжат. Екіншісі – партияның бағдарламалық құжаты. «Алаш конституциясы» атанған құжатты қалың жұртшылық «Алаш» партиясының бағдарламасы ретінде таниды. Мұны кейбір сарапшылар «Конституция» дегеннен гөрі «конституциялық бағдарлама» дегенге келтіреді. Шындығында, алаш қайраткерлері тәуелсіздіктің мүмкіндігі ұшқындаған тұстан-ақ ұлттық-демократиялық сипаттағы мемлекет құруды мақсат еткен. Міне, осы мақсат жолында Алаш партиясы алғаш рет заманның даму үдесінен шығатын, мемлекеттілік талаптарына сай келетін конституциялық сипаттағы бағдарламасын жасағаны белгілі. Басты ерекшелігі – бағдарлама Қазақ автономиясын өзге халықтармен бірге демократиялық сипаттағы Ресей федеративтік мемлекетінің құрамындағы ел ретінде тани келіп, жеке мемлекет болу мүмкіндігін де жоққа шығарған жоқ. Онда: «Русия демократиялық, федеративтік республика болу (демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді)» деп жазылды. Сосын ұлттық дербестік – жергілікті бостандық мәселесі қамтылады. Алаш партиясы дініне, қанына (ұлтына), жынысына қарамай барлық адамдардың теңдігі қағидасын ұстанды. Сонымен қатар аталмыш бағдарламада соттар мен дін өкілдері – молдалардың отбасы, неке дауларын шешудегі өкілеттігін ажыратты және бір ерекшелік, бағдарламаға сәйкес, сөз, баспасөз бостандығы, тұрғын үйге, меншікке қол сұғылмау, тек сот арқылы тұтқынға алу, сот алдында әркімнің теңдігі, ауыр қылмыстарды алқабилер сотына беру, қазақтар көп тұратын жерде сот ісін қазақ тілінде жүргізу, жалпыға бірдей білім алу құқығы және басқа да көптеген құқықтық мемлекетке сай ережелер көрсетілген болатын. Мемлекеттік бағдарламада зайырлылықтың белгісін де дөп белгілейді. Мәселен, онда: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Кіру-шығу жағына бостандық. Мүфтиліктің қазақтың өз алдына болуы, неке, талақ, жаназа, балаға ат қою секілді мәселелер молдада болады, жесір дауы сотта болады» деп жазылады [11].

Олардың ұлттық бағдарламасы сол тұста өлкеде тұрған барша халықтың бас біріктіруіне жағдай туғызды. Бір сөзбен айтқанда, олар елді өркендетудің демократиялық

баламасын ұсынды, бірақ ол авторитарлық үрдістер салдарынан аспай қалды. Бүгіндер біз Алашорданың сол кездегі маңызды құжаттарын оқып, оның ешқандай да, сепаратистік немесе халыққа қарсы қозғалыс еместігін көреміз [12]. Соңғы кездері XX ғасыр басында ғұмыр кешіп, қоғамдық саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға үлес қосқан қазақ қайраткерлері мен ойшылдары туралы бірнеше зерттеулер жарық көріп, тарихымыздың ашылмай жатқан беттеріне біршама сәуле түсіргендей болды.

Ел басымыз Н.Ә. Назарбаев «Алаш» партиясының саяси әрекеттерін жоғары бағалап, өзінің «Тарих толқынында» деп аталатын кітабының бір бөлімін «Алаш мұрасы және осы заман» деп атады. Ел басы «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым алдына қойған мақсатты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп оны осы заманғы шындыққа бейімдеуі еді", дей келе «Қазақ халқы өзінің басты мақсаты - ұлттық мемлекеттігін қайта қалпына келтіруге нақтылы мүмкіндік алды. Алайда оқиғалардың бейбіт өрбуін Ресей қозғалысындағы тың дағдарыс бұзып кетіп, оның өзі большевиктер партиясының диктатурасын орнатуға әкеліп соқты», - деп жазды [13].

Қазақстан өз мемлекеттік дербестігін алғалы, ұлттық бостандықты мақсат еткен алаш зиялыларының арманы орындалды десек қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смагулов М. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекет пен қоғамның Негізгі заңы
2. Смағұлов Н.Б. Алаш партиясының бағдарламасы және Алашорда үкіметі. Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
3. Қамзабекұлы Д. Тәуелсіздік және Алаш. //«Егемен Қазақстан» г.
4. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде.
5. Айлауова Б.О., Сексенбайұлы М. Кеңестік Қазақстандағы мемлекет және құқық // Қорқыт Ата атындағы ҚМУ хабаршысы. 2012 ж №3
6. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. А.: Атамұра, 1998. –296 б.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
8. Мартыненко Н. Алаш Орда. Сб. Документов. "Айқап" баспасы. 92 б.
9. Маймақов Ғ. Қазақстанның саяси құқықтық тарихы.-А., 1996. –110 б.
10. Алтынбасов Б.О. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласының өзекті мәселелері. Монография. Астана, 2014 ж.
11. Тоқтаров Қ. Конституцияға 20 жыл: Ата Заң – Тәуелсіздік пен тұрақтылықтың тендессіз тартуы! // Интернет-ресурс: BNews.kz
12. Шотбай Ә. Бірінші республика – Алаш // Интернет-ресурс: <http://kerey.kz/>
13. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. «Жібек жолы» баспа үйі, 2010

ОӘЖ 340

ОТАРЛАУ САЯСАТЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

Үсембаева Әсем

Asem-96@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө.Алтынбасов

XVIII ғасырдың бас кезінде қазақ хандығы біртұтас мемлекет ретінде өмір сүрді. Әсіресе Тәуке хан билік еткен кезеңде (1680-1718жж.) қазақ хандығы айтарлықтай орныққан, әлеуметтік-саяси құрылымы нығайған, дәстүрлі-көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономикасы қалаптасқан елге айналды. Ақылды да әділетті, хан тұсында Жеті Жарғы